LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

КІР ЖУҒЫШ МАШИНАСЫ

Кір жуу машинасын іске қосу алында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

F1481TD(1~9)
F1281TD(1~9)
F1081TD(1~9)

P/No.: MFL63288777

www.lg.com

Мазмұны

Мазмұны 2

Өнімнің мүмкіндіктері 3

Ескертулер
- Қауіпсіздік бойынша маңызды нұсқаулар 4
- Осы нұсқаулықтарды сақтап қойыңыз.....4

Сипаттамалары 5

Орнату
- Орамдарын шешу 6
- Тасымалдау болттарын шешу.....6
- Орнату орналасуына қойылатын талаптар 7
- Су шлангасын су құбырларына қосу.....9
- Канализация шлангасын орнату....11
- Теңгеру.....12

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық
- Кір машинаны іске қосу.....14
- Жуу алдында күту.....15
- Жуу бағдарламалар кестесі.....16
- Қосымша опциялар.....17
- Әрекет деректері 18
- Басқару панелі 19
- Қосымша бағдарлама 20
- - Уақытты созу 20
- - Бүктетіліп қалмау.....20
- - Таңдаулы 20
- - Алдын ала жуу 20
- Опциялар 21
- - Опция.....21
- - Шаю.....21
- - Температура.....21
- Басқа функциялары.....21
- - Шаю + Айналдыру 21
- - Тек айналдыру 21
- Балалардан бұғаттау.....22
- Дабылды қосу/өшіру.....22
- Ішін тазалау.....23
- Есікті блоктау және анықтау.....23

LG Толық Автоматты кір жуғыш машинасын сатып алғаныңыз үшін рахмет.

Пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз, ол бұйымды қауіпсіз орнату, пайдалану және жөндеу туралы нұсқаулықтарды қамтиды. Оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Машинаның моделі мен сериалық нөмірін жазып алыңыз.

Модел нөмірі
Сериалдық нөмір
Сатып алу күні

Ұнтақ қосу
- Ұнтақ және тоқыма жұмсартқышын қосу 24

Техникалық қызмет көрсету
- Кіретін су сүзгісі.....26
- Канализация суын жіберуге арналған сүзгі.....27
- Дозатор тартпасы 28
- Жуу барабаны 29
- Кір жуғыш машинаны тазалау.....29
- Салқын жерде орналастыру.....29

Мәселелерді шешу бойынша нұсқаулық
- Ақаулықтарды анықтау 30
- Қате туралы хабарлар 32

Кепілдеме шарттары 33

Өнімнің мүмкіндіктері



■ **Бүрмелеудің алдын алу**

Барабан жылдамдығын дұрыс таңдау бүрмелеуді азайтады.



■ **Енгізілген жылытқыш**

Ішкі жылытқыш таңдалған циклға сай автоматты түрде суды жылытады.



■ **Зиялы Жуу жүйесімен қосымша үнемдеуге қол жеткізу**

Зиялы Жуу жүйесі салынған киімдердің салмағы мен судың температурасын анықтап, орнықты су деңгейі мен жуу уақытын анықтайды және осылайша электр қуаты мен су пайдалануын үнемдейді.



■ **Балалардан бұғаттау**

Балалардан бұғаттау функциясы жуу бағдарламасы іске қосылғанда балалар түймелерді басып, парамметрлерді ауыстырып қоюдың алдын алады.



■ **Шуды төмендету бақылау жүйесі**

Машина киімдердің салмағын және теңгерімді шамалап, біркелкі айналдырады яғни шу деңгейін төмендетеді.



■ **Енгізу тікелей айналдыру жүйесі**

Жаңа моделді Brushless DC моторы барабанды тікелей айналдырады яғни шкиф пен ремень қолданымалған.

■ **6 жүргізу**

MOTION

Таңдалған бағдарламаға байланысты машина түрлі барабан әрекеттерін не түрлі әрекеттердің жиынын орындай алады. Баптала алатын айналдыру жылдамдығы мен барабанның оң және сол жаққа бұрылуы енгізілгендіктен машинаның жуу нәтижесі одан әрі жақсартылды және ол әрдайым сізге тамаша нәтижелер көрсетеді.

Ескертулер

ҚОЛДАНУ АЛДЫНДА ОРНАТУДЫҢ БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІН ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

⚠ ЕСКЕРТУ! Қауіпсіздігіңіз үшін және өрттен не жарылыстан, электр түйісуден сақтану үшін не өнімді бұзудың, жеке жарақаттар алудың не адам өлудің алдын алу үшін осы нұсқаулықтарды орындау қажет.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

ЕСКЕРТУ: Кір жуғыш машинаны пайдаланғанда өртену қаупін, электр түйісу не жеке жарақат алудың алдын алу үшін негізгі алдын ала ескертулерді орындаңыз, соның ішінде келесі:

- Орнату алдында сыртқы бұзылулар бар-жоғын тексеріңіз. Егер бұзылулар болса, өнімді орнатпаңыз.
- Кір жуғыш машинаны далаға орнатуға болмайды.
- Бақылау түймелерін ойнамаңыз.
- Егер пайдалану нұсқаулығында арнайы көрсетілмеген болса не жөндеуге арналған нұсқаулықтарда жарияланған болмаса, сондай-ақ егер сіз сол нұсқаулықтарды түсініп жөндей алатыныңызға көзіңіз жетпесе, кір жуғыш машинаның кез келген бөлігін жөндемеңіз не ауыстырмаңыз.
- Өнімнің астында және оның айналасында мамық, қағаз, маталар, химиялық заттар және басқа тез тұтанатын заттарды қоймаңыз.
- Машинаны жас балалармен немесе әлсіз адамдармен қадағалаусыз пайдалануға болмайды. Балаларға машинаны ішінде не сыртында ойнауға не кез келген бұйымға тиісуге рұқсат бермеңіз.
- Кішкентай үй хайуандарын өнімге жақындатпаңыз.
- Кір жуғыш машинаның есігін ашық қалдырмаңыз. Есік ашық қалатын болса олар есікке асылуы не ішіне кіріп кетуі мүмкін.
- Машинаны іске қосқанда оған тиіспеңіз. Ол толық тоқтағанша күтіңіз.
- Кір жуу барысында тоқымалардың өрт төзімділігін нашарлату мүмкін.
- Осындай нәтижелердің алдын алу үшін киім өндірушінің жуу және күту нұсқаулықтарын мұқият орындаңыз.
- Тез тұтанатын не жарылғыш сұйықтықтармен (мысалы балауыз, май, бояу, бензин, май кетіргіш, құрғақ тазалайтын еріткіш, керосин және т.б.) тазаланған, жуылған, оларға батырылған не осы сұйықтырмен дақталған киімдерді кір жуғыш машинада жумаңыз не құрғатпаңыз, олар өртеніп не жарылып кетуі мүмкін. Май барабанның ішінде цикл аяқталғанша сақталып құрғату кезінде жарылуы мүмкін. Сол үшін майланған киімдерді салмаңыз.
- Есікті қатты жаппаңыз не ол бұғатталғанда оны ашуға тырыспаңыз. Ол кір жуғыш машинаның бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Кір жуғыш машина киімдерді жоғары температурада жуғанда алдыңғы есік ыстық болуы мүмкін. Оған тимеңіз.
- Электр түйісудің алдын алу үшін кез келген жөндеу не тазалау жұмыстары алдында өнімді электр қорегінен ажыратыңыз немесе оны электр бөліп жіберу қалқанынан өшіріңіз, не автоматты өшіргішті өшіріп тастаңыз.
- Электр сымын электр қорегінен ажыратқаныңызда оны сымынан ұстап тартпаңыз. Керісінше, электр сымы бүлінуі мүмкін.
- Егер өнім дұрыс істемей тұрған, кейбір бөлшектері шешілген не кейбір бөлшектері жоқ не бұзылған болса, соның ішінде электр сымы не розетка бұзылған болса, еш уақытта өнімді іске қоспаңыз.
- Ескірген машинаны тастау алдында оны электр қорегінен ажыратып тастаңыз. Оны пайдалануға жарамайтын қылып қойыңыз. Адасып пайдаланудың алдын алу үшін электр сымын өнімнің артынан кесіп алып тастаңыз.
- Егер өнім судың астында қалып кеткен болса қызметтік орталығымен хабарласыңыз. Электр түйісу және өртену қауіпі бар.
- Су құбырларына тек жаңа жалғау шлангалары пайдаланылуы қажет.
- Жеке жарақат алудың алдын алу үшін барлық ұсынылған қауіпсіздік шараларды сақтаныз, соның ішінде жеңі ұзын қолғаптар мен қауіпсіздік көзайнектерді пайдаланыңыз. Осы қауіпсіздік шараларды сақтамау жеке бұйымдардың бұзылуына, жеке жарақат алуына, не өлімге әкеп соқтыруы мүмкін.
- Машинаның есігі ашылғанда оны төменге қарай қатты баспаңыз. Себебі ол машинаның аударылып кетуіне алып келуі мүмкін.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ

ЖЕРГЕ ҚОСУ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ

Бұл өнім жерге қосылу тиіс. Егер өнім кенеттен дұрыс істемей қалса не бұзылса жерге қосылғаны электр ағымының қарсылығына жол беріп электр шок алудың алдын алады. Өнім жерге қосу құрылғысымен және жерге қосу айырымен жабдықталған. Айыр барлық жергілікті ережелерге сай орнатылған розеткаға қосылуға тиіс.

- Адаптерді пайдаланбаңыз не басқа жолмен жерге қоспаңыз.
- Егер сізде осындай розетка болмаса электрикпен ақылдасыңыз.

ЕСКЕРТУ: Жерге қосу құрылғысы дұрыс орнатылмаса электр шок алуға әкеп соқтыруы мүмкін. Егер жерге дұрыс қосылғаны туралы күдіктенсеңіз, тәжірибелі электрик не қызметтік орталығының маманымен хабарласыңыз. Егер өніммен келетін айыр розеткаға сәйкес келмесе оны өзгертпеңіз, тәжірибелі электрикпен хабарласып қажетті розетка орнатыңыз.

Сипаттамалары



- ■ Аты: : Алдынан жүктелетін кір жуғыш машина
- ■ Электр қорегі : 220 - 240 В~, 50 Гц
- ■ Өлшемі : 600 мм (Е) x 590 мм (Д) x 850 мм (Б)
- ■ Салмағы : 65 кг
- ■ Ең жоғ. Ватт : 2100 Вт
- ■ Жүктеу салмағы : 8 кг
- ■ Пайдаланылатын судың мөлшері : 56 ℓ (7 ℓ / кг)
- ■ Рұқсат етілген судың басымы : 100 ~ 1000 кПа (1.0 ~ 10.0 кгк / см^2)

* Өнімнің сапасын жақсарту мақсатында, өнімнің көрінісі мен сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

■ Қосымша құрылғылар



Кіріс шлангасы (1 жерге қосу)



Гайка кілті

Орнату

■ Орамдарын шешу



1. Картон қорабы мен пенопласт орамын алып тастаңыз.
2. Кір жұғыш машинаны көтеріп астындағы пенопласт орамын алып тастаңыз.
3. Электр сымы мен канализация шлангасын бекітіп тұрған бауды алып тастаңыз.
4. Барабаннан кіріс шлангаларын алып тастаңыз.

ЕСКЕРТУ Машинаны теңгеру үшін төменгі сөреде гайка кілтін сақтаңыз.

Ескерту

Орама материалдары (Белбеулер, пенопласт) балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
Тұншығып қалу қауіпі бар!
Машинаның орауыштары мен қорабын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

■ Тасымалдау болттарын шешу

Тасымалдау кезінде ішкі бұзылулардың алдын алу үшін арнайы 4 болтпен бекітілген.
Кір жуғыш машинаны іске қосу алдында болттарды және резиналық тығыздағыштарды алып тастаңыз.
Егер олар алынбаса машина қатты дірілдейді, шу пайда болады және дұрыс істемейді.



1. Қамтамасыз етілген гайка кілтімен 4 болтты шешіңіз.
2. 4 болтты және резиналық тығыздағыштарды кішкене бұрап шығарыңыз.

ЕСКЕРТУ Тасымалдау болттарын болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

3. Тесіктерді қамтамасыз етілген тығындармен жабыңыз.

Орнату

■ Орнату орналасуына қойылатын талаптар



► Орналасу

- **Еденді теңгеру :**
  Кір жуғыш машинаның астындағы еденнің рұқсат етілген қисықтығы 1°
- **Розетка :**
  Кір жуғыш машинаның кез келген жағынан 1.5 м қашықтықта болуы тиіс. Розеткаға бірден астам өнім қосуға болмайды.
- **Қосымша саңылау :**
  Қабырға үшін 10 см: артқы / 2 см : оң және сол жақ Кір жуу заттарын машинаның үстіне сақтамаңыз.
  Олар корпусын, не басқару элементтерін бұзуы мүмкін.

► Орналастыру

- Кір жуғыш машинаны тегіс әрі тұрақты жерге орнатыңыз.
- Ауа айналу жолдары кілем не маталар және сол сияқты басқа заттармен жабылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Еденнің қисықтығын еш уақытта тақта бөлшектерін, картон не сол сияқты басқа материалдарды қойып теңгермеңіз.
- Егер мүмкін болса газ плитасына не көмірмен жанатын пешке жақын орнатпаңыз, олардың арасына плита не пешке қаратылған жағында алюминий қабаты жапсырылған ажырататын (85x60 см) тақта орнатылуы қажет.
- Кір жуғыш машина температурасы 0°C төмен бөлмеде орнатуға болмайды.
- Егер машина бұзылып қалатын болса, шебер оған жеңіл қол жеткізе алатынына көз жеткізіңіз.
- Машина орнатылғыннан кейін тасымалдау гайка кілтін пайдаланып, барлық төрт аяқтарын баптаңыз және өнім тұрақты орнатылғанына және машинаның айналасында 20 мм бос орын қалғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғы кемелерде, не ұтқыр үй, ұшақ сияқты көшпелі орналасуларда пайдалануға арналмаған.

Орнату

▶ Электр қуаты көзіне қосылу

- Созу шнурын не қос адаптерді пайдаланбаңыз.
- Ток сымы зақымдалса, қауіптің алдын алу үшін оны өндіруші, оның қызмет көрсету агенттігі немесе солар сияқты білікті адам ауыстыруы керек.
- Пайдаланып болғаннан кейін әрқашанда машина розеткадан ажыратып, су шүмегін өшіріп қойыңыз.
- Кір жуғыш машинаны ағымдағы электр сымын өткізу ережелеріне сай және жерге қосылған розеткаға қосыңыз.
- Өнім розеткаға жеңіл қол жеткізетіндей орнатылуы тиіс.
- Кір жуғыш машина тек тәжірибелі мамандармен жөнделуі тиіс. Тәжірибесіз адам жүргізген жөндеу жұмыстары бұйымға зиян келтіреді, не болмаса оның дұрыс жұмыс істемеуіне алып келуі мүмкін. Өзіңіздің жергілікті қызмет көрсету орталығыңызбен хабарласыңыз.
- Кір жуғыш машинаны мұздау температурасынан төмен түсіп кетуі мүмкін болған бөлмелерге орнатпаңыз. Мұздалған шлангтар су басымына шыдамай жарылып кетуі мүмкін. Температура мұздау температурасынан төмен түсіп кетсе өнімнің электроникалық бақылау құрылғыларының жұмысы бұзылуы мүмкін.
- Егер өнім қыс маусымында жеткізілген болса және температура мұздау температурасынан төмен болса: Оны пайдалану алдында бөлме темтературасында бірнеше сағат сақтаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Электр сымы жөнінде ЕСКЕРТУ

Өндірушілердің көпшілігі әрбір өнімге жеке розетканы пайдалануды ұсынады. Сенімді болу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығының техникалық сипаттамаларын тексеріңіз. Қабырға розеткасы шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз.

Шамадан тыс жүткеме түскен розеткалар, дұрыс бекітілмеген немесе зақымдалған розеткалар, қосымша кабельдер, тозған қуат кабельдері немесе бүлінген изоляция қауіпті. Осы жағдайлардың кез келгені электр шогына немесе өртке әкелуі мүмкін. Кезеңді түрде құрылғының кабелін тексеріңіз және онда зақым немесе бүліну болса, оны ажыратып, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және рұқсат етілген қызмет көрсету орталығында кабельді дәл сондай кабельге ауыстырыңыз.

Қуат кабелін бүгілу, оралу, қысу, есіктің жабылуы немесе үстінен өту сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан қорғаңыз.

Штепсель айырларына, қабырға розеткаларына және кабель құрылғыдан шығатын жерге әсіресе көңіл аударыңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Машинаны жас балалармен немесе әлсіз адамдармен қадағалаусыз пайдалануға болмайды. Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалау керек.

Орнату

■ Су шлангасын су құбырларына қосу

- Судың басымы 100 кПа мен 1000 кПа(1.0 ~ 10.0 кгк/ см^2) аралығында болуы тиіс.
- Су шлангасын кранға қосқан кезде оның сыртын аршымаңыз не басқа шлангалармен араластырмаңыз.
- Егер судың басымы 1000 кПа асып кететін болса, декомпрессия құрылғысы орнатылуы тиіс.
- Мезгіл мезгіл шлангаларды тексеріп тұрыңыз және қажет болса оларды ауыстырыңыз.

► 1 қадам: Су шлангасының резиналық тығыздағышын тексеріңіз



- Су шлангасымен бірге екі резиналық тығыздағыш қамтамасыз етіледі. Олар су ағып өтудің алдын алу үшін пайдаланылады. Шүмекке жалғанған жері дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

► 2 қадам: Шланганы су шүмегіне жалғаңыз.

A - түрі: Оймасы бар шлангты жіпті қолданып шүмекке жалғаңыз



- Шланга жалғағышты су құбыр шүмегіне жалғаңыз.

B - түрі: Оймасы бар шлангты жіпті қолданбай шүмекке жалғаңыз



1. Адаптердің дөңгелек тәрелкесін және адаптерді ұстап тұратын 4 шурупын босатыңыз.
2. Адаптерді шүмектің аяқ жағына итеріңіз яғни резиналық тығыздағыш су өткізбейтін болып қысылу қажет. Адаптердің дөңгелек тәрелкесін және 4 шурупын босатыңыз.
3. Су құбырына қосылатын шланганы тігінен яғни ішкі резиналық қабат толығымен шүмекке жабысу керек, содан соң оны оң жаққа қарай бұрап бекітіңіз.

C - түрі: Жарты бұралатын шлангты жіпті қолданбай шүмекке жалғау



1. Адаптердің дөңгелек тәрелкесін және адаптерді ұстап тұратын 4 шурупын босатыңыз.
2. Егер шүмек тым үлкен болғандықтан адаптерге келмей тұрса, басты тәрелкені алып тастаңыз.
3. Адаптерді шүмектің аяқ жағына итеріңіз, яғни резиналық тығыздағыш су өткізбейтін болып қысылу қажет. Адаптердің дөңгелек тәрелкесін және 4 шурупын босатыңыз.
4. Ілмегі бар жалғағыш тәрелкені төменге қарай тартыңыз, кіретін шлангты адаптердің ішіне итеріп салыңыз да, ілмегі бар жалғағыш тәрелкені босатыңыз. Адаптер орнына келгеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ

Кіретін шлангты су құбыры шүмегіне жалғаған соң, су шлангасындағы бөгде заттарды жуып жіберу үшін (кір, құм не үгінді) шүмекті ашыңыз. Суды шелекке алып, судың температурасын тексеріңіз.

► 3 қадам: Шлангты машинаға жалғау



• Шланг түйіндеп және басылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ

Жалғауды аяқтағаннан кейін шлангадан су тамшыласа, осы әрекеттерді қайталаңыз. Жиі қолданылатын вентильдерді пайдаланыңыз. Егер вентиль квадрат, не тым үлкен болса оны адаптерге салу алдында аралық сақинаны алып тастаңыз.

Көлденең шүмекті пайдалану

Көлденең шүмекті	Ұзартылған шүмек	Квадратты шүмек

Орнату

■ Канализация шлангасын орнату



- Канализация шлангасын еденнен 100 см жоғары көтеруге болмайды. Машинадағы су кетпей тұр, не баяу кетеді.
- Канализация шлангасын дұрыс орнату су төгілудің алдын алып, еденді бүлінуден сақтайды.
- Егер канализация шлангасы ұзын болса, оны артық күшпен тартпаңыз. Бұл қатты шу пайда болуына себеп болады.



- Канализация шлангасын раковинаға қосқаныңыздан кейін оны күшпен жақсылап бекітіңіз.
- Канализация шлангасын дұрыс орнату су төгілудің алдын алып, еденді бүлінуден сақтайды.



Орнату

■ Теңгеру



1. Кір жуу машинасын дұрыстап орналастыру артық шуды және дірілді болдырмайды. Құрылғыны қатты және тегіс еден бетіне, мүмкін болса бөлменің бұрышында орналастырыңыз.

ЕСКЕРТУ Ағаш еден артық дірілді және тепе-теңдіктің бұзылуын тудыруы мүмкін.



2. Еден тегіс болмаса, бұралатын аяқтарды қажетінше бұрыңыз. (Аяқтардың астына ағаш бөліктерді, т.б. қоймаңыз) Бүкіл төрт аяқ тұрақты екенін және еденге тиіп тұрғанын тексеріп, содан кейін құрылғының көлденең тұрғанын тексеріңіз. (Спирттік уровеньді пайдаланыңыз)

• Машина теңгерілгеннен кейін бекіту гайкасын жоғарыға қарай бекітіңіз. Барлық бекіту гайкалары бекітілуі тиіс.



• Диагональ бойынша тексеру
Кір жуу машинасының үстінен диагональ бойынша шеттерін басқанда, машина жоғары және төмен жылжымауы керек (екі бағытты да тексеріңіз). Егер жоғарғы бетін диагональ бойынша басқанда машина шайқалса, аяқтарды қайтадан лайықтаңыз.

ЕСКЕРТУ Егер кір жұғыш машина көтерілген платформаға орнатылған болса, аударылып кетудың алдын алу үшін ол дұрыс бекітілуі қажет.

Орнату

► Бетонды едендер

- Орнату жері таза, құрғақ және тегіс болуы тиіс.
- Кір жуғыш машинаны тегіс әрі тұрақты жерге орнатыңыз.

► Кафельді едендер (Тайғанақ едендер)

- Әрбір аяқты қорғауышқа орналастырып, машинаның деңгейін лайықтаңыз. (Қорғауышты 70x70 мм бөліктерге бөліп, бөліктерді машина орналастырылатын құрғақ кафельге жабыстырыңыз.)
- Қорғауыш сатылар мен баспалдақтарда тайып кетуді болдырмау үшін пайдаланылатын жабысқақ материал.

► Ағаш едендер

- Ағаш едендерде діріл әсіресе жиі болады.
- Дірілді болдырмау үшін машинаның әрбір аяғының астына ең кемі 2 еден ағашына шуруптармен бекітілген, ең кемі 15 мм жуан резина қақпақтар қою ұсынылады.



- Мүмкін болса машинаны бөлме бұрыштарының біреуіне орналастырыңыз. Онда еден тұрақтырақ.
- Дірілді азайту үшін резина қақпақтарды қойыңыз.
- Резина қақпақтарды (p/no.4620ER4002B) LG қосалқы бөлшектер бөлімінен ала аласыз.

ЕСКЕРТУ

- Машинаны дұрыс орналастыру және көлденең қою оның ұзақ, тұрақты және сенімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
- Машина 100% көлденең күйде және орнында берік тұруы керек.
- Басқанда ол жоғары-төмен тербелмеуі керек.
- Орнататын жер таза болуы керек, онда еден балауызы және басқа жағылған заттар болмауы керек.
- Машина аяқтарының ылғалдануына жол бермеңіз. Машина аяқтары ылғалданса, ол сырғуы мүмкін.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Кір машинаны іске қосу



1. Жуылатын кіимдерді сұрыптаңыз.
(15 бетті қараңыз)



2. Есікті ашып, жуылатын киімдерді салыңыз.



3. Машинаны іске қосыңыз.



4. Бағдарламаны таңдаңыз.
(16 ~ 18 беттерді қараңыз)

Опцияларды таңдаңыз.
(20 ~ 23 беттерді қараңыз)

- ■ Қосымша бағдарлама
- ■ Температура
- ■ Айналдыру жылдамдығы
- ■ Басқа функциялары



5. Ұнтақ қосыңыз.
(24 ~ 25 беттерді қараңыз)



6. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Жуу алдында күту







1. Күту жапсырмасы

Киімдердегі күту жапсырмасына қараңыз. Бұл сізге тоқыманың құрамын және оны қалай жуу керек екенін көрсетеді.

2. Сұрыптау

Жақсы нәтижелерге ие болу үшін киімдерді жуу циклына байланысты сұрыпаңыз. Судың температурасы және айналдыру жылдамдығы мен басқа тоқымалар өзге жолдармен жуылуға тиіс. Әрқашанда қара түсті киімдерді ашық түсті және ақ киімдерден ажыратыңыз. Түсі және мамығы бір-біріне өтетіндіктен оларды жеке жуыңыз. Мүмкін болса, қатты кірленген киімдерді жеңіл кірленген киімдермен араластырып жумаңыз.

- Кірлену (Қатты, қалыпты, жеңіл)
  Кірлену дәрежесіне қарап сұрыптаңыз.
- Түсі (Ақ, ақшыл, қара)
  Ақ тоқымаларды түсті тоқымалардан ажыратыңыз.
- Мамық (Мамық шығарушылар, жинаушылар)
  Мамық шығарушылары мен жинаушыларды жеке жуыңыз.

3. Жүктеу алдында күту

Үлкен және кішкентай заттарды араластырып салыңыз. Алдымен үлкен заттарды салыңыз. Үлкен киімдердің салмағы жалпы жуу салмағының жартысынан асып кетпеуі керек. Бір-ақ киімнің өзін жумаңыз. Бұл теңгерімнің бұзылуына алып келуі мүмкін. Бір не екі бірдей киім салыңыз.

- Барлық қалталар бос екеніне көз жеткіңіз.
  Тырнақтар, шаш түтқыш, күкірт, қаламдар, тиындар және кілттер киімдеріңізді де, кір жуғыш машинаңызды да бұзуы мүмкін.
- Сыдырма ілгектерді жабыңыз және бауларды байлап қойыңыз яғни осылар басқа киімдерді тырнамайтынына көз жеткізіңіз.
- Жууға жеңіл болу үшін қатты кірленген жерлерді және дақтарды, мысалы жағаларды не манжеттерді, суға салып ұнтақпен щеткалаңыз.
- Тігілген жерлердегі жұмсақ аралық материалдарын тексеріп, егер кішкентай заттар болса оларды жойыңыз.
- Барабанның ішін тексеріп, бұрын жуылған киімдер болса оларды алып тастаңыз.
- Аралық материалдарға зиян келтірмеу үшін оларды салу алдында жақсылап тазалаңыз.

ЕСКЕРТУ

Алғаш рет жуу алдында (Мақта 60°C, ұнтақтың жарты порциясын қосыңыз) циклды таңдаңыз да, машина бірнеше уақыт бос күйінде қосулы тұрсын.
Бұл өндіру кезінде қалып кеткен қалдықтар мен суды жояды.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Жуу бағдарламалар кестесі

• Жуылатын киім түріне байланысты ұсынылатын циклдар.

Бағдарлама	Сипаттама	Тоқыма түрі	Дұрыс темп.	Максималды салмақ
Мақта	Түрлі барабан жүрістерді пайдаланып тамаша нәтижелер көрсетеді.	Түсі шыдамды киімдер (көйлектер, ішкі киімдер, пижамалар және т.б.) және жеңіл кірленген ақ мақта (ішкі киімдер) киімдер.	40°C (салқындату 95°C)	Жылдамдық
Мақта үнемді	Электр энергияны үнемді пайдаланып, оңтайландырылған жуу нәтижелеріне қол жеткізеді.		60°C (салқындату 60°C)	
Күтімсіз жуу	Циклды жуудан кейін үтіктеу қажет емес әдепкі көйлектерді жуу үшін пайдалануға болады.	Полиамид, Акрил, Полиэстер.	40°C (салқындату 60°C)	4.0 кг
Араластырып жуу	Түрлі тоқымаларды бір уақытта жууға мүмкіндік береді.	Арнайы киімдерден басқа түрлі тоқымалар. (Жібек/нәзік, спорттық киімдер, қара киімдер, жүн тоқыма, Төсектер/Перделер).	40°C (салқындату 40°C)	
Бала киімі	Ескі дақтарды кетіреді, ақуыз дақтарың киімнін ұқыпты шаюын қамтамасыз етеді.	Аздап кірленген бала киімін жуады.	60°C (95°C)	
Дауыссыз жуу	Шуды және дірілдеуді азайтады, сондай-ақ түнгі электр қуатын пайдаланып, ақшаңызды үнемдейді.	Түсі шыдамды киімдер (көйлектер, ішкі киімдер, пижамалар және т.б.) және жеңіл кірленген ақ мақта киімдер. (ішкі киімдер).	40°C (салқындату 60°C)	4.5 кг
Ұқыпты жуу режимі	Киімнен жуғыш заттың калдығын ұқыпты кетірү.	Денемен жапсарлас маталар, іш киім, орамал, жаялық, төсек орын, жастық және матрас қаптамалар үшін.		Жылдамдық
Төсектер	Цикл төсектер, жастық, диван төсегі және т.б. сияқты заттарды жууға арналған.	Арнайы киімдерден басқа келесі заттармен толтырылатын мақта төсектер (нәзік киімдер, жүн тоқыма, жібек және т.б.): төсектер, жастықтар, көрпелер, жеңіл тоқымалармен толтырылатын диван төсектері.	40°C (салқындату 40°C)	1 жалғыз өлшем
Спорттық киім	Цикл жүгіруге арналған спорттық киімдерді жууға арналған.	Coolmax, Gore-tex, қой жүні және Sympatex.		2.0 кг
Қара жуу	Егер киімдердің түсі жоғалуы сіз үшін кедергі болмаса осы циклды пайдаланыңыз. Бұл цикл түс жоғалудың алдын алады. (Түсті тоқымаларға арналған ұнтақты пайдаланыңыз.)	Мақтадан жасалған не араласқан тоқымалардан жасалған қара киімдер.	30°C (салқындату 40°C)	
Назды жуу	Бұл цикл ішкі киімдер, блузка сияқты нәзік киімдер жууға арналған.	Нәзік, жеңіл бұзылатын киімдер.		
Тоқыма мата	Жүн тоқымаларын жууға мүмкіндік береді. (Машинада жууға болатын жүн тоқымаларға арналған ұнтақты пайдаланыңыз.)	Тек таза әрі жаңа жүні бар машинада жууға болатын жүн тоқымалары.	40°C (салқындату 40°C)	
Жылдам 30	Бұл цикл киім аз болғанда және жеңіл кірленген киімдерді жууға арналған.	Жеңіл кірленген түсті киімдер.	30°C (салқындату 40°C)	
Интенсивті 60	60 минут ішінде ең жақсы жуу нәтижеге қол жеткізеді әрі электр қуатын үнемдейді.	Мақта және араласқан тоқымалар. (Қалыпты кірленген киімдерді 60 минут ішінде жуатын арнайы PROGRAM (Бағдарлама)).	60°C (салқындату 60°C)	4.0 кг

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

- Су температурасы: Жуу циклына сәйкес келетін су температурасын таңдаңыз. Жуу алдында дайын киімдер өндірушісінің жапсырмасына, не нұсқаулығына қараңыз.
- EN60456 және IEC60456 ережелеріне сәйкес тексеру үшін бағдарламаны "Мақта үнемді 60°C+Интенсивті" опциясына орнатыңыз.
- Тест нәтижелері су басымына, су қаттылығына, кіретін су температурасына, бөлменің температурасына, салмақтың түріне және мөлшеріне, пайдаланылатын ұнтақтың кірлену дәрежесіне, негізгі электр қуатының өзгеруіне және таңдалған қосымша опцияларына байланысты.



Осы машинаның жүнді жуу циклын жууға болатын Woolmark өнімдерін жуу үшін Woolmark бекітті. Бірақ өнімдерді киім этикеткасындағы және осы M1009 кір жуу машинасының өндірушісі шығарған нұсқауларға сай жуу керек.

ЕСКЕРТУ Нейтралды ұнтақты пайдалану ұсынылады. Жүн тоқымалары циклының ерекшелігі киімдерді нәзік аударуда және төмен айналдыру жылдамдығын пайдалануда.

■ Қосымша опциялар

Бағдарлама	Уақытты созу	Бүктетіліп қалмау	Таңдаулы	Алдын ала жуу	Медициналық шаю	Шаю + Айналдыру	Уақытты үнемдеу	Интенсивті
Мақта	●	●	●	●	●	●	●	●
Мақта үнемді	●	●	●	●	●	●	●	●
Күтімсіз жуу	●	●	●	●	●	●	●	●
Араластырып жуу	●	●	●	●	●	●	●	●
Бала киімі	●	●	●	●*	●*	●		●
Дауыссыз жуу	●	●	●			●	●	●
Ұқыпты жуу режимі	●	●	●	●	●	●	●	●
Төсектер	●	●	●			●	●	●
Спорттық киім	●	●	●			●	●	●
Қара жуу	●	●	●			●	●	●
Назды жуу	●	●	●			●	●	●
Тоқыма мата	●	●	●			●		●
Жылдам 30	●	●	●			●		●
Интенсивті 60	●	●	●			●		●*

* : Бұл опциялар автоматты түрде циклда пайдаланылады және оларды жою мүмкін емес.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Әрекет деректері

Бағдарлама	Минутына максималды айналдыру саны		
	F14**	F12**	F10**
Мақта	1400	1200	1000
Мақта үнемді	1400	1200	1000
Күтімсіз жуу	1000	1000	1000
Дауыссыз жуу	1000	1000	1000
Араластырып жуу	1400	1200	1000
Төсектер	1000	1000	1000
Бала киімі	1000	1000	1000
Ұқыпты жуу режимі	1400	1200	1000
Спорттық киім	800	800	800
Қара жуу	1400	1200	1000
Назды жуу	800	800	800
Тоқыма мата	800	800	800
Жылдам 30	1400	1200	1000
Интенсивті 60	1400	1200	1000

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Басқару панелі



Қосу

- Машинаны қосу не өшіру үшін Қосу түймесін басыңыз.
- Уақытты созу функциясын болдырмау үшін қосу түймесі басылуы қажет.

Бағдарламаны таңдау тұтқасы

- Бағдарламалар жуылатын кіімдерге байланысты пайдаланылады.
- Таңдалған бағдарламаның шамы жанады.

Бастау/Тоқтату

- **Бастау/Тоқтату** түймесі циклды бастау не уақытша тоқтату үшін пайдаланылады.
- Егер циклды тоқтату керек болса **Бастау/Тоқтату** түймесін басыңыз.
- Уақытша тоқтату күйінде, 4 минуттан кейін өнім өшеді.

Қосымша бағдарлама

- Бұл түймелерді таңдалған цикл үшін қалаған цикл опцияларын таңдау үшін пайдаланыңыз.

Дисплей шамы

- Дисплей машинаның параметрлерін, қалған уақытты, опцияларды және күй хабарларын бейнелейді. Дисплей цикл аяқталғанша қосулы тұрады.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Қосымша бағдарлама

Уақытты созу

Машина созу уақытын автоматты түрде бастап, белгілі уақыт аралығында аяқтайтын етіп баптауға болады.

ЕСКЕРТУ

Созы уақыты бағдарламаның басталуы емес аяғына дейінгі уақыт болып табылады. Нақты орындау уақыты судың температурасына, салмаққа және басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз.
3. Созу уақыты түймесін басып, қажетті уақытты орнатыңыз.
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

Таңдаулы

Таңдаулы бағдарламасы бапталған жуу циклдарын болашақта пайдалану үшін есте сақтайды.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз
3. Курсты таңдаңыз. (Жуу әдісі, шаю саны, айналдыру жылдамдығы, су температурасы және т.б.с)
4. Таңдаулы бағдарлама түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.

Таңдаулы бағдарлама енді болашақта пайдалану үшін сақталды.

Бағдаламаны қайта іске қосу үшін Таңдаулы бағдарламаны таңдап, Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

Бүктетіліп қалмау

- Егерде кірді сығу кезде қатпарлар болмасын десеңіз, осы түймені таңдаңыз.

Алдын ала жуу

Егер жуылатын киім қатты кірленген болса, “алдын ала жуу” функциясы өте тиімді.

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз
3. Алдын ала жуу түймесін басыңыз.
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Опциялар

Опция

- **Медициналық шаю:** Жақсы нәтижелерге қол жеткізу, не тазалағышты шаю үшін.
- **Шаю + Айналдыру:** Бұл тоқымаларда жаңа дақтардың пайда болуын алдын алуға көмектесуі мүмкін. Бұл жеке цикл.
- **Уақытты үнемдеу:** Бұл опция жуу бағдарламасының уақытын қысқарту үшін пайдаланылады.
- **Интенсивті:** Егер киімдер қалыпты және күрделі кірленген болса, “Интенсивті” опциясы өте тиімді.

Шаю

- **Шаю⁺+Ұстау:** Шаю барысы аяқталғаннан кейін шаюды бір рет басыңыз, курс бастау түймесі қайтадан басылмағанша тоқтап тұрады.
- **Қалыпты+Тоқтату:** Шаю барысы аяқталғанда, курс бастау түймесі қайтадан басылмағанша тоқтап тұрады.
- **Шаю⁺⁺:** Шаюды екі рет басыңыз.
- **Шаю⁺:** Шаюды бір рет басыңыз.

Температура

- Темп. түймесін басып су температурасын таңдауға болады.
  - Салқын
  - 30°C, 40°C, 60°C, 95°C
- Су температурасын бағдарламаға қарап таңдауға болады.

■ Басқа функциялары

Шаю + Айналдыру

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Циклды таңдаңыз.
3. Опция түймесін басыңыз. (Шаю+Айналдыру шамы жанады)
4. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

Тек айналдыру

1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Айналдыру жылдамдығын таңдау.
3. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ “Айналдырусыз” таңдалғанда ол тек суды шығарып жіберу үшін қысқа уақыт ішінде айналдырады.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Балалардан бұғаттау

Түймелерді басып жіберудің алдын алу үшін бақылау тақтасында осы бұғаттау функциясын басыңыз. “Балалардан бұғаттау” опциясы тек жуу кезінде ғана орнатуға болады.



Басқару панелін бұғаттау

1. Темп. және Шаю түймесін бір уақытта 3 секундтай басып тұрыңыз.
2. Дауыс шығады және дисплейде “ CL ” пайда болады. Балалардан бұғаттау іске қосылғанда, Қосу түймесінен басқа барлық түймелер блокталады.

ЕСКЕРТУ Қосу түймесін басу блоктауды шешпейді. Басқа функцияларға қол жеткізу үшін оны өшіру қажет.



Басқару панелінің блоктауын шешу

1. Темп. және Шаю түймесін бір уақытта 3 секундтай басып тұрыңыз.
2. Дауыс шығады және диплейде ағымдағы бағдарламаның қалған уақыты қайтадан көрсетіледі.

■ Дабылды қосу/өшіру

Дабылды қосу/өшіру функциясын тек қосылған кезде ғана орнатуға болады.



1. Машинаны іске қосыңыз.
2. Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.
3. Опция1 және Уақытты созу түймемелерін бір уақытта үш секундтай басып тұрыңыз.

Дабылды қосу/өшіру функциясы қосылғаннан кейін параметр өнім өшірілсе де есте сақталады.

ЕСКЕРТУ Егер дауысты өшіргіңіз келсе осы барыс қайталағаныңыз болғаны.

Кір жуғыш машинасын пайдалану жөнінде нұсқаулық

■ Ішін тазалау

Ішін тазалау бағдарламасы машинаның ішін тазалауға арналған цикл.
Осы циклда су көбірек толтырылып, үлкен жылдамдықпен айналдырылады.
Бұл циклды мезгіл мезгіл қосып тұрыңыз.



1. Кір жуғыш машинасынан киімдерді не жууға арналған маталарды шығарып тастаңыз да, есікті жабыңыз.
2. Дозаторды ашып, негізгі жуу бөліміне көбікке қарсы ұнтақты (мысалы Calgon) қосыңыз.
3. Дозатордың тартпасын баяу жабыңыз.
4. Машинаны қосыңыз да, Шаю мен Айналдыру түймесін 3 секундтай басып ұстап тұрыңыз. дисплейде “ tcL ” пайда болады.
5. Бастау үшін Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз.
6. Цикл аяқталғаннан кейін машинаның есігінің жұмсақ аралық қабаты мен есіктің айнасын құрғату үшін есікті ашық қалдырыңыз.

ЕСКЕРТУ Ұнтақ бөліміне ұнтақ қоспаңыз.
Көбіктің аса көбейіп кетуі машинадан су ағып өтуіне себеп болуы мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Егер үйіңізде кішкентай балалар болса есікті ұзақ уақытқа ашық қалдырмаңыз.

■ Есікті блоктау және анықтау



- Ⓐ **“Есікті блоктау”** - Қауіпсіздік шара ретінде жуу бағдарламасы басталғаннан кейін есік блокталады. “Есікті блоктау” белгісі өшкеннен кейін есікті ашуға болады.
- Ⓑ Жуу бағдарламасы барабанды баяу аударылғанда және салынған киімдердің салмағын анықтай бастағаннан кейін және барабанға **“Определение загрузки”** шамы жанады. Ол көп уақыт алмайды.

Ұнтақ қосу

■ Ұнтақ және тоқыма жұмсартқышын қосу

▶ Дозатор тартпасы



- Тек негізгі жуу → \II/
- Алдын ала жуу + Негізгі жуу → \I/ • \II/

Ескерту

Барлық жуу ұнтақтарын балалардан қашық ұстаңыз, себебі бұл жерде улану қауіпі бар.

▶ Тоқыма жұмсартқышын қосу



- Максимал сызығынан асып кетпеуі керек. Тоқыма жұмсартқышын толтырып жіберетін болсаңыз, ол ерте қосылып киімдерде дақ қалдыру мүмкін. Дозаторды тартпасын баяу жабыңыз.
- Тоқыма жұмсартқышын ұнтақ бөлімінде 2 күннен астам қалдырмаңыз. (Тоқыма жұмсартқышы қатып қалуы мүмкін)
- Жұмсартқыш соңғы шаю циклында автоматты қосылу мүмкін.
- Су алынып жатқанда тартпаны ашпаңыз.
- Еріткіштер (бензин, т.б.) рұқсат етілмеген.

ЕСКЕРТУ Тоқыма жұмсартқышты тікелей киімдердің өзіне құймаңыз.

Ұнтақ қосу

► Жуушы заттың мөлшері

- Жуушы заттарды өндірушінің нұсқауларына сай пайдалану керек.
- Тым көп жуушы зат пайдаланылса, тым ұзақ қайнау орын алуы және бұл кір жуу нәтижесін төмендетуі немесе моторға жүктеме түсіруі мүмкін.
- Ұнтақ жуушы затты тек кірді алдынан салатын машиналарда пайдаланыңыз.
- Егер көбік тым көбейіп кетсе ұнтақтың мөлшерін азайтыңыз.
- Жуу затының мөлшерін су температурасына, су қаттылығына, кірдің өлшемі мен ластануына сай лайықтау керек. Ең жақсы нәтижелер алу үшін тым көп қайнауды болдырмаңыз.

ЕСКЕРТУ
- Толық толтыру: өндірушінің ұсыныстарына сай.
- Жарым-жартылай толтыру: қалыпты мөлшердің 3/4 бөлігі.
- Ең аз толтыру: толық толтырудың 1/2 бөлігі.

- Жуушы зат дозатордан циклдың басында беріледі.

► Су жұмсартқышын қосу



- Арнайы қосымша жұмсартушы (мысалы Calgon-ды) суы қатты аймақтарға қолдану керек. Қорапта көрсетілген мөлшерге сай пайдаланыңыз. Алдымен жуушы затты, содан кейін су жұмсартқышын қосыңыз.
- Жұмсақ суға сияқты жуушы заттың мөлшерін пайдаланыңыз.

► Таблеткаларды пайдалану



1. Есікті ашып, таблеткаларды барабанның ішіне салыңыз.



2. Кірді барабанның ішіне салып, есікті жабыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

- Машинаның ішін тазалау алдында, электр шогын болдырмау үшін электр қуатының кабелін ажыратыңыз.
- Егер машина ұзақ пайдаланылмайтын болса (мысалы мейрамдар себебінен) әсіресе егер таяу тұста канализация құбырлары қарастырылмаған болса, су шүмегін өшіріңіз.
- Құрылғыны тастағанда, қуат кабелін кесіп алыңыз және штепсель айырын бұзыңыз.
- Балалардың ішінде ұсталып қалуын болдырмау үшін есік құлпын ажыратыңыз.

■ Кіретін су сүзгісі

- Жуушы зат суырмалы жәшігіне су кірмегенде " IE " қате туралы хабары жыпықтайды.
- Су өте қатты болса немесе онда қақ болса, кіретін су сүзгісі бітеліп қалуы мүмкін. Сол үшін оны мезгіл мезгіл жуып тұру қажет.



1. Су шүмегін өшіріңіз.



2. Кіретін су шлангасын шешіңіз.



3. Сүзгіні қылдары қатты щеткамен тазалаңыз.



4. Кіретін шланганы бекітіңіз.

Техникалық қызмет көрсету

■ Канализация суын жіберуге арналған сүзгі

• Канализация сүзгісі ішінде қалып кеткен шаштар мен кішкентай заттарды ұстап қалады. Машинаның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін үнемі сүзгінің таза екенін тексеріңіз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Алдымен суды шығару түтігінің көмегімен суды шығарыңыз, содан кейін барлық заттарды алып тастау үшін сорап сүзгісін ашыңыз. Су ыстық болса, суды шығарғанда абай болыңыз.

• Суды шығару сорабын тазалау, төтенше жағдайда босату немесе төтенше жағдайда есікті ашу алдында судың салқындауын күтіңіз.



1. Төменгі қақпақты ашыңыз. Шлангты тартып шығарыңыз.



Канализация суын жинайтын контейнер.

2. Канализация шлангасын ажыратыңыз. Сүзгіні сол жаққа бұрап ашыңыз.



3. Сорап сүзгісінен бөгде заттарды алып тастаңыз.



4. Тазалап болғаннан кейін сорап сүзгісін бұрап, канализация шлангасын орнатыңыз.



5. Төменгі қақпақты жабыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

■ Дозатор тартпасы

- Машинаны біраз падаланғаннан кейін ұнтақ пен тоқыма жұмсартқышы тартпада көбік қалдырады.
- Мезгіл мезгіл оны қатты ағатын сумен тазалау қажет.
- Қажет болса оны қысқыштарынан ұстап, төменге қарай тарту арқылы толығымен шығаруға болады.
- Тазалауды жеңілдету үшін тоқыма жұмсартқышы бөлімінің жоғарғы бөлімін алып тастауға болады.



1. Дозатор тартпасын тартып шығарыңыз.



2. Дозатор тартпасын ағатын сумен шайыңыз.



3. Ішкі ойықтарды ескі тіс щеткасымен тазалаңыз.



4. Дозатор тартпасын орнына салыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

■ Жуу барабаны

- Егер суы қатты аймақта тұрсаңыз, көрінбейтін жерлерде үнемі қақ жиналуы және оны кетіру қиын болуы мүмкін. Уақыт өте келе жиналған қақ құрылғыларды бітеуі мүмкін және мұны тексеріп тұрмаса, оларды ауыстыру қажет болуы мүмкін.
- Жуу барабаны тот баспайтын болаттан жасалғанымен, барабанда қалдырылған шағын металл заттар (скрепкалар, қауіпсіз түйреуіштер) тот дақтарын тудыруы мүмкін.
- Жуу барабанын оқтын-оқтын тазалап тұру керек.
- Қақ түсіру заттарын, бояғыш заттарды немесе ағартқыш заттарды пайдалансаңыз, оларды осы машина үшін жарамды екенін тексеріңіз.
- Қақ түсіру затында кір жуу машинасының бөлшектерін зақымдайтын химиялық заттар болуы мүмкін.
- Барлық дақтарды тот баспайтын болатты тазалау затымен жойыңыз.
- Ешқашан болат жөкені пайдаланбаңыз.

■ Кір жұғыш машинаны тазалау

▶ Сырты

- Машинаны дұрыс күту оның өмірін ұзартуы мүмкін.
- Машинаның сыртын жылы сумен және бейтарап абразивті емес жуушы затпен тазалауға болады.
- Төгілген затты бірден сүртіп алыңыз.
- Ылғалды матамен сүртіңіз.
- Бетті үшкір заттармен ұрмауға тырысыңыз.
- Метил спиртін, еріткіштерді немесе сол сияқты өнімдерді пайдаланбаңыз.

▶ Іші

- Машинаның есігін, иілгіш аралық қабатын және есік әйнегін құрғатыңыз.
- Ыстық суды пайдаланып машинаны толық циклдан өткізіңіз.
- Қажет болса процесті қайталаңыз.

ЕСКЕРТУ Қатты су көбіктерін болдырмау үшін тек кір жуғыш машиналарға арналған деген жапсырмасы бар тазалағыштарды пайдаланыңыз.

■ Салқын жерде орналастыру

Машина су қатуы орын алуы мүмкін аймақтарда немесе су қататын температуларда тасымалданса, машинаға зақым тигізбеу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Су кранын өшіріңіз.
- Түтіктерді су көзінен ажыратыңыз және түтіктерден суды шығарыңыз.
- Электр кабелін тиісінше жерге қосылған электр розеткасына қосыңыз.
- Бос жуу барабанына демалыс көлігінің уытты емес 3,8 л антифризін қосыңыз. Есікті жабыңыз.
- Айналдыру циклін қосыңыз және бүкіл суды шығару үшін машина 1 минут айналсын. Бүкіл демалыс көлігі антифризі шығарылмайды.
- Электр қуаты кабелін ажыратып, барабанның ішін құрғатып, есікті жабыңыз.
- Дозатор суырмалы жәшігін алып, бөліктерден суды шығарып, құрғатыңыз.
- Машинаны тік күйде сақтаңыз.
- Сақтаудан кейін машинадан антифризді жою үшін, жуушы затты пайдаланып машинаны толық циклден өткізіңіз. Кірді салмаңыз.

Мәселелерді шешу бойынша нұсқаулық

• Бұл кір жуу машинасы автоматты қауіпсіздік функциясымен жабдықталған. Ол ақаулықтар ерте кезеңінде анықтайды және тиісінше әрекет етеді. Машина дұрыс жұмыс істемесе немесе мүлде жұмыс істемесе, қызмет көрсету орталығына хабарласу алдында келесілерді тексеріңіз.

■ Ақаулықтарды анықтау

Симптом	Мүмкін болған себептер	Шешім
Қатты шу және металды соғу дауыстың шығуы	• Барабанға не сорапқа тиындар не болт кіріп қалған болуы мүмкін.	Машинаны тоқтатып, барабан мен канализация сүзгісін тексеріңіз. Егер машинаны қайта іске қосқаннан кейін шу жойылмаса, қызметтік орталығымен хабарласыңыз.
Қатты соғу дауысының шығуы	• Қатты соғу дауысының себебі жүктің көбейіп кетуде болуы мүмкін. Бұл әдетте қалыпты жағдай болып саналады.	Егер шу жалғаса берсе машина дұрыс теңгерілмеген. Машинаны тоқтатып жуылатын киімдерді қайта салыңыз.
Дірілдеу шуы	• Барлық тасымалдау болттары мен орамдарын алып тастадыңыз ба? • Барлық аяқтар еденде тұрақты орнатылды ма?	Егер орнату кезінде алынбаған болса. Тасымалдау болттарын алу жөнінде пайдаланушы нұсқаулығына қараңыз. Барабандағы киімдер теңгерілмей салынған. Кір жуғыш машинаны тоқтатып, жуылатын киімдерді теңгеріп салыңыз.
Судың ағып өтуі.	• Шүмек алдындағы толтыру шлангасы мен канализация шлангасы кеңейіп кеткен. • Үйдің канализация құбырлары бітеліп қалған.	Шланганың қосылымын тексеріп бекітіңіз. Канализация құбырын тазалаңыз. Қажет болса су қызметінің мамандарымен хабарласыңыз.
Көбіктің аса көбейіп кетуі		Ұнтақ көп салынатын болса, не сәйкес келмейтін ұнтақ қолданған болса көбіктің аса көбейіп, су ағып өтуіне себеп болуы мүмкін.
Машина су ала алмайды не баяу алынады	• Осы аймақта су қалыпты емес. • Су шүмегі толық ашылмаған. • Кіретін су шлангасы бүгіліп қалған. • Кіретін су шлангасының сүзгісі бітеліп қалған.	Үйіңіздегі басқа шүмекті тексеріңіз. Шүмек толығымен ашылған. Шлангты тураланыз. Кіретін шлангтың сүзгісін тексеріңіз.
Машинадағы су кетпей тұр не баяу кетеді.	• Канализация шлангасы бүгіліп не толып қалған. • Канализация шлангасы бітеліп қалған.	Канализация шлангасын тураланыз және тазалаңыз. Канализация сүзгісін тазалаңыз.

Мәселелерді шешу бойынша нұсқаулық

Симптом	Мүмкін болған себептер	Шешім
Кір жуғыш машина қосылмай тұр.	• Электр сымы қорекке қосылмаған не қосылым дұрыс болмаған.	Айыр розеткаға дұрыс кіріп тұрғанына көз жеткізіңіз.
	• Үйдің сақтандырғышы күйіп кеткен, электр қуаты қалқаннан өшірілген не электр қуатын пайдалану бұзылған.	Электр қалқаннан қайта қосыңыз, не оны ауыстырыңыз. Сақтандырғыштың рұқсат етілген жүгін асырмаңыз. Егер ақаулық себебі шамадан көп пайдалануда болса, тәжірибелі мамандармен хабарласып оны жөндеңіз.
	• Су шүмегі ашылмаған.	Су шүмегін ашыңыз.
Машина айналмады.	❋ Есік дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз.	Есікті жауып, Бастау/Тоқтату түймесін басыңыз. Бастау/Тоқтату түймесін басқаныңыздан кейін, айналдыру бірнеше уақыттан кейін басталуы мүмкін. “Айналдыруды” қосу алдында есік жабылуы тиіс.
Есік ашылмайды.		Қауіпсіздік шара ретінде жуу бағдарламасы қосылғаннан кейін есікті ашу мүмкін емес. Оны “Есікті блоктау” жазуынан анықтауға болады. “Есікті блоктау” белгісі өшеннен кейін есікті ашуға болады.
Циклдың жуу уақыты созылды.		Жуу уақыты салынған жүктің салмағына, су басымына, су температурасына және басқа шарттарға байланысты түрлі болуы мүмкін. Егер өнім дұрыс теңгерілмеген болса, не көбікті жою бағдарламасы қосылған болса, жуу уақыты ұзартылуы қажет.

Мәселелерді шешу бойынша нұсқаулық

■ Қате туралы хабарлар

Симптом	Мүмкін болған себептер	Шешім
1E	• Осы аймақта су қалыпты емес.. • Су шүмектері толық ашылмаған. • Кіретін су шлангасы бүгіліп қалған. • Кіретін су шлангасының сүзгісі толып қалған.	Үйіңіздегі басқа шүмекті тексеріңіз. Шүмек толығымен ашылмаған. Шлангты туралаңыз. Кіретін шлангтың сүзгісін тексеріңіз.
OE	• Канализация шлангасы бүгіліп не толып қалған. • Канализация шлангасы толып қалған.	Канализация шлангасын туралаңыз және тазалаңыз. Канализация сүзгісін тазалаңыз
UE	• Салынған жүктің салмағы тым аз. • Жүктеу теңгерімнен тыс. • Өнім теңгерімді тексеру және дұрыстау жүйесімен жабдықталған. Егер жеке салмақты киімдер салынған болса (мысалы, ванна материалдары, ванна халаты және т.б.) жүйе айналдыруды тоқтату, сондай-ақ айналдыру циклын толығымен тоқтату мүмкін. • Егер цикл аяқталғаннан кейін жуылатын киімдер аса ылғалды болса, теңгеру үшін кішкентай киім қосып, айналдыру циклын қайталаңыз. Есік жабылғанына көз жеткізіңіз.	Жүкті теңгеру үшін 1 не 2 ұқсас киім қосыңыз. Дұрыс айналдыруды қамтамасыз ету үшін жүкті қайта теңгеріңіз.
dE	 • Есік жабылғанына көз жеткізіңіз.	Есікті жақсылап жабыңыз. ✻ "dE" түймесі қалпына келмесе, қызметтік орталығымен хабарласыңыз.
tE		Өнімді өшіріп, қызметтік орталығымен хабарласыңыз.
FE	• Судың көбейіп кетудің себебі шүмектің дұрыс істемеуінде.	Су құбырының шүмегін жабыңыз. Өнімді электр қорегінен ажыратыңыз. Қызметтік орталығымен хабарласыңыз.
PE	• Су деңгейі сенсоры дұрыс істемей тұр.	
LE	• Моторға шамадан тыс жүк арттырылған.	Мотор суығанша машинаны 30 минуттай пайдаланбаңыз, содан кейін циклды қайта бастаңыз.
PF	• Жуғыш электр қорегіне қосылмаған.	Циклды қайта бастаңыз.

Кепілдеме шарттары

Ескі құрылғыны тастау



1. Өнімге осы сызып тасталған дөңгелек себет таңбасы жабыстырылған болса, бұл өнім еуропалық 2002/96/EC директивасына сай.
2. Барлық электр және электрондық өнімдерді үкімет немесе жергілікті билік бекіткен жинау орындарына, жалпы қоқыстан бөлек тастау, керек.
3. Ескі құрылғыны дұрыс тастау қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін ықтимал теріс салдарлардың алдын алуға көмектеседі.
4. Ескі құрылғыны тастау туралы қосымша ақпарат үшін қала әкімшілігіне, қоқыс жинау қызметіне немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

Машинаны қоқысқа лақтыру алдында электр сымдарын кесіп тастаңыз және жас балалардың құрылғының ішінде қамалып қалудың алдын алу үшін есіктің ілгегін бұзып тастаңыз.

Не қамтылмаған:

- Өнімді пайдалану әдісін үйрету үшін үйіңізге бару.
- Өнімді деңгейлер кестесінде көрсетілгеннен басқа кернеуге қосу.
- Ақаулықты кездейсоқ жағдай, елемеу, дұрыс пайдаланбау немесе табиғат апаты тудырса.
- Ақаулықты қалыпта, үйде пайдаланудан немесе пайдаланушы нұсқаулығына сай пайдаланудан басқа факторлар тудырса.
- Өнімді пайдалану бойынша оқыту немесе өнімді орнатуды өзгерту.
- Ақаулықты егеуқұйрықтар немесе тарақан, т.б. сияқты үй жәндіктері тудырса.
- Қалыпты деп саналатын шу немесе діріл, мысалы, шығарылған судың дыбысы, айналу дыбысы немесе ескерту сигналдары.
- Орнатуды түзету. Мысалы, өнімді көлденең ету, су шығаруды лайықтау.
- Пайдаланушының нұсқаулығында ұсынылған қалыпты техникалық қызмет көрсету.
- Машинадан, соның ішінде сораптан және кіріс түтік сүзгісінен бөгде заттарды алып тастау. Мысалы, құм, тырнақ, бюстгальтер сымдары, түймелер, т.б.
- Сақтандырғыштарды ауыстыру, үйдің сымдарын немесе үйдің су құбырын түзету.
- Рұқсат етілмеген жөндеулерді түзету.
- Осы құрылғының жеке заттарға тигізуі мүмкін бір рет немесе көп рет болатын зақымы.
- Өнім коммерциялық мақсаттармен пайдаланылса, оған кепілдік берілмейді. (Мысалы: Қоғамдық ванна бөлмесі, қонақ үй, оқыту орталығы, жатақхана сияқты қоғамдық мекемелер)
  Өнім әдеттегі қызмет көрсету аймағынан тыс орнатылған болса, өнімді жөндеуге немесе ақаулығы бар бөлшекті ауыстыруға байланысты бүкіл тасымалдау шығынын иесі көтереді.

Memo

Memo


LG
Life's Good